

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
Математика-жаратылыстану факультеті
Анатомия, физиология және дефектология кафедрасы

Тақырыбы:
Психологиялық-медициналық-
педагогикалық кеңес

Тексерген: Баймырза С.А.
Орындаған: Еркенова С.,
Сатпекова А., Д-41

Павлодар, 2017 ж.

ПМПК – бұл баланың даму деңгейін, ауытқуларды кәсіби деңгейде анықтауға, оларды емдеу мен оңалтудың бір не басқа курстарын ұсынуға болатын мамандардың кеңес беруі. Мұнда балалар дамуының психологиялық, медициналық және педагогикалық диагностика бөлімі жұмыс жасайды. Интеллектуалды, физикалық және жеке қасиеттердің жағдайына байланысты олар емдеу, оңалту, білім беру бағдарламалары мен формаларын анықтайды, сонымен қатар дамуында ауықуы бар балаларға қатысты түрлі мәселелер бойынша кеңес береді.



ПМПК-ны қоғамдық білім беру комитетінің өкілі не төрағасы, денсаулық сақтау комитетінің өкілі - төраға орынбасары басқару керек.

ПМПК-ның құрамына міндетті түрде келесі мамандар кіреді :

- ✓ психолог;
- ✓ дәрігерлер: психиатр, невропатолог, ортопед, отоларинголог, окулист, терапевт (педиатр);
- ✓ арнайы педагогтар: логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, әлеуметтік педагог;
- ✓ заңгер;
- ✓ білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарының өкілдері.



ПМПК-ның мақсаты: арнайы білім беру қажеттіліктеріне, жас және жеке ерекшеліктеріне, соматикалық және психикалық жағдайға негізделген тәрбиеленушілерге диагностикалық-түзету, психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау көрсету болып табылады.

Оқу орныныңдағы ПМПК-ның міндеттері:

- ✓ дамудың бұзылысын анықтау және ерте диагностика жасау (оқу орнында баланың алғашқы күнінен бастап)
- ✓ физикалық, интеллектуалдық және эмоционалдық-жеке жүктемелер мен ақауларың алдын-алу;
- ✓ резервтік даму мүмкіндіктерін анықтау;
- ✓ аталған білім беру мекемесінде арнайы (түзетушілік) көмек көрсетудің сипатын, ұзақтығын және тиімділігін анықтау;
- ✓ баланың нақты дамуын, оның жағдайының динамикасын, мектептегі жетістіктерінің деңгейін көрсететін құжаттаманы дайындау және жүргізу.

ПМПК-ға балалар ата-анасының өтініші бойынша немесе білім беру мекемелерінің, денсаулық сақтау мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және мекемелердің бастамасы бойынша ата-аналардың келісімімен жіберіледі. Егер бұл сот шешімімен болған жағдайда, онда ата-ананың келісімі талап етілмейді. Ата-аналардың ПМПК-ға қатысуға құқылы.

ПМПК-ның қорытындысын тексеру нәтижелерінен құралады, ол балаларды (ата-аналарының келісімімен) арнайы оқу орындарына немесе интеграцияланған білім беру ұйымдарына жіберу үшін негіз болып табылады. ПМПК мүшелері қорытындының құпиялылығын сақтауы тиіс.

Балаларды білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қоғамдық ұйымдарының бастамасы бойынша кеңеске жібергенде мынадай құжаттар көрсетілуі керек:

- ✓ тууы туралы куәлік;
- ✓ дәрігерлердің (педиатр, невропатолог, отоларинголог, офтальмолог, ортопед) қорытындылары мен баланың даму тарихынан көшірме;
- ✓ мектепке дейінгі білім мекемелері мен жалпы білім беретін мектептердің және өзге де ұйымдардың баланың осы ұйымдарда болған уақытын, оның эмоциялық аясы мен мінез-құлқын, дамуы мен үлгерімін арттыруды жақсарту мақсатында жүргізілген іс-шараларды (жеке көмек, емдеу) қамтып көрсеткен педагогикалық мінездемелер;
- ✓ баланың даму динамикасын, сызбаларды анықтайтын жазбаша жұмыстар.

Ата-аналардың (не оларды алмастырушылардың) ықыласы бойынша консультацияға келген балалар мен жасөспірімдерді тексеру құжаттарсыз да жүргізіледі.

ПМПК-дағы консилиум түрлері



- Диагностикалық консилиум
- Проблемалық консилиум
- Аналитикалық консилиум
- Әдістемелік консилиум
- Қорытындық консилиум

ПМПК-дағы консилиум түрлері



- **Диагностикалық консилиум**

Мақсаты баланың даму деңгейін анықтау, мектеп бағдарламасында орын алған үлгермеушіліктің себебін анықтау, баланың танымдық қабілетінің дамуы динамикасын бақылау.

- **Проблемалық консилиум**

Мақсаты - ұстаздар мен ата-аналардың балаларының оқу кезінде пайда болған шағымдарын зерттейді.

ПМПК-дағы консилиум түрлері



- **Аналитикалық консилиум**

Мақсаты – жеке және жалпы мектептік мәселелердің сипаттамасын анықтап, оларды шешу жолдарын іздестіру.

- **Әдістемелік консилиум**

Мақсаты - диагностикалық и түзетудегі әдістемелерді құрастыру. Ата-аналар мен ұстаздарға арналған арнайы кеңес беру материалдарын және жеке комплексті түзету бағдарламасын дайындау.

ПМПК-дағы консилиум түрлері



- **Қорытынды консилиум** атқарылған нәтижесіне байланысты тоқсанына 1 рет өткізіледі.
- **Кеңес беру** әр апта сайын ата-аналар мен ұстаздарға кеңес беру мақсатында, сонымен қатар балалар ұжымының арасында дұрыс эмоционалды қарым-қатынас орнату.